**Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкаларын жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 26-185 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Кербұлақ ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 28 қаңтарда 2-13-104 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2010 жылғы 30 сәуірдегі N 29-218 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 30.04.2010 N 29-218 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 381 бабына, 387 бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Кербұлақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жоғарылатып бекітілсін;

2. Кербұлақ аудандық мәслихатының 2008 жылдың 16 қазанындағы "Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкаларын жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 24.11.2008 жылғы тіркелген нөмірі 2-13-81, аудандық "Кербұлақ жұлдызы" газетінің 2008 жылғы 5 желтоқсандағы нөмірі N 49 (3434) таралымының бетіне жарияланған) N 12-94 шешімінің күші жойылсын;

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихатының сессия төрағасы* *Баян Сырлыбекұлы Сырлыбеков*

*Кербұлақ аудандық мәслихатының хатшысы* *Есенбай Әбдірахманұлы Сұраншынов*

Кербұлақ аудандық мәслихатының 2009 жылдың 23 желтоқсанындағы "Елді мекендердің жерлеріне

салынатын базалық салық ставкаларын жоғарылату туралы" N 26-185 шешіміне қосымша

## Алаңның бір шаршы метріне шаққанда Сарыөзек ауылдық округі бойынша

| N п.п | Елді мекеннің түрі | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың базалық салық ставкалары (теңге) | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесін-дегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге салынатын салықтың базалық салық ставкалары (теңге) | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың базалық салық ставкалары (теңге) 50 %-ға көтеріл-генде | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге салынатын салықтың базалық салық ставкалары (теңге) 50 %-ға көтеріл-генде |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сарыөзек ауылдық округі | 0,48 | 0,09 | 0,72 | 0,135 |

## Алаңның бір шаршы метріне шаққанда басқа ауылдық округтер бойынша

| N п.п | Елді мекеннің түрі | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге салынатын салықтың | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге салынатын салықтың базалық |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | салынатын салықтың базалық салық ставкалары (теңге) | базалық салық ставкалары (теңге) | салықтың базалық салық ставкалары (теңге) 20 %-ға көтеріл-генде | салық ставкалары (теңге) 20 %-ға көтеріл-генде |
| 1 | Селолар (ауылдар) | 0,48 | 0,09 | 0,576 | 0,108 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК